


Өңірде жаңа басқарма

Кешегі бейсенбіде сегізінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың кезекті, жиырма бірінші сессиясы өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, қалалық, аудандық мәслихат төрағалары, Түркістан қаласы мен Мақтаарал ауданының әкімдері, мемлекеттік органдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессия жұмысын облыстық мәслихат төрағасы Нуралы Әбішов жүргізді. Күн тәртібіне 18 маңызды мәселе шығарылды.

Атап айтқанда, Түркістан қаласы мен Мақтаарал ауданы әкімдері республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген қаржылар туралы мәлімет берді. Сонымен қатар, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау, жер қатынастары және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармалары басшыларының есептері тыңдалды. Депутат-



тар мемлекеттік орган басшыларына жұмысты одан әрі жандандыру туралы өз ұсыныстарың енгізді.

Сессия барысында 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджетке өзгеріс-

тер енгізу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, депутаттар өңірді басқару схемасына толықтыру енгізу туралы мәселені қарады. Қабылданған шешімге сәйкес, облыста балалардың

құқықтарын қорғау басқармасы құрылатын болды.

Сессияда депутаттар кадрлық ауыс-түйіске байланысты облыс әкімдігінің дербес құрамындағы өзгерістерге келісім берді және облыс әкімдігі жанындағы бірқатар комиссиялардың құрамына өзгерістер енгізіліп, тиісті шешімдер қабылданды.

Жалпы, сессия жұмысында қаралған мәселелер бойынша мәслихат депутаттары тиісті шешімдер қабылдады. Өз кезегінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов сессия жұмысын қорытындылап, мәслихат жұмысына табыс тіледі.

**Лаура ЕСЕНГЕЛДІ,
М.Әуезов атындағы
ОҚЗУ-дің 3-курс студенті.**